

## Есіл ауданы бойынша жер салығының және бірыңғай жер салығының базалық мөлшерлемелерін жоғарылату туралы

### *Күшін жойған*

Солтүстік Қазақстан облысы аудандық мәслихатының 2015 жылғы 18 мамырдағы № 42/265 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 11 маусымда N 3269 болып тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы мәслихатының 2018 жылғы 24 сәуірдегі № 27/145 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы мәслихатының 24.04.2018 № 27/145 (алғашқы рет ресми жарияланған күннен соң он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Кодексінің 386-бабы 5-тармағына, 444-бабы 1-тармағына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданының мәслихаты **ШЕШТІ:**

**Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы мәслихатының 12.08.2016 № 5/32 шешімімен (алғаш рет ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

1. "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Қазақстан Республикасы 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Кодексінің 378, 444 баптарымен белгіленген жер салығының базалық мөлшерлемелері он есеге жоғарылатылсын, соған сәйкес:

1) ауыл шаруашылығы мақсатындағы Қазақстан Республикасының жер заңына сәйкес қолданылмайтын жерлерге базалық салық мөлшерлемелері;

2) ауыл шаруашылығы мақсатындағы Қазақстан Республикасының жер заңына сәйкес қолданылмайтын жерлерге бірыңғай жер салығының мөлшерлемелері.

2. Осы шешім алғаш рет ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Солтүстік Қазақстан облысы  
Есіл ауданы мәслихатының  
сессия төрағасы, хатшысы*

*Т. Мұқашев*